

3 мей

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 4 апта

Білім беру ұйымы: №26 «Үміт» Бөбекжай-балабақшасы

Топ: ортаңғы топ «Балбөбек» Балалардың жасы-3

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.04-24.04.26 ж.

Тәбиешілері: Аминова А. А Наурзалина Н.Қ.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Дәйек сөз: «Еңбек-қуаныштың кілті»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.04.2026 ж	Сейсенбі 21.04.2026 ж	Сәрсенбі 22.04.2026 ж	Бейсенбі 23.04.2026ж	Жұма 24.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (күрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті камтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі: «Серпер»				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұскалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату «Тұсау кесу дәстүрі» Ойын (коммуникативтік): «Тұсау кесу» рөлдік ойыны Шарты: Балалар дәстүрді сахналайды, «ала жіп», «тұсау кесу» сөз тіркестерін қолданады. Танымдық: Ұзын-қысқа жіптерді салыстыру. Бейнелеу: Ала жіпті түрлі түспен салу. Қимыл: «Қадам бас» – белгі бойынша алға жүру.	«Дыбыстар әлемі» Ойын: «Дыбысты тап» Шарты: Педагог сөз айтады, бала ә, ө, қ, ү дыбыстарын ажыратады. Коммуникативтік: Жаңылтпашты баяу және жылдам айту. Танымдық: Дөңгелек пішінді табу. Қимыл: «Оң-сол» бағытын ауыстыру.	«Ертегі қонақта» Ойын: «Ертегіні сахнала» Шарты: Балалар кейіпкерлер рөлін ойнап, қысқа репликалар айтады. Шығармашылық: Кейіпкер бейнесін салу. Коммуникативтік: Ертегі мазмұнын әңгімелеу. Қимыл: Кейіпкер қимылын көрсету.	«Салыстыр да айт» Танымдық ойын: «Қайсысы артық?» Шарты: Заттарды қосу/алу арқылы тең, тең емес екенін айту. Коммуникативтік: «Ұзын-қысқа» сөздерін қолданып сөйлем құрау. Қимыл: Ұзын сызық бойымен жүру.	«Қазақтың әшекейлері» Шығармашылық: Білгіз етік мүсіндеу. Ойын: «Әшекейді тап» (суреттен таңу). Бейнелеу: Ою-өрнек жапсыру. Коммуникативтік: Бұйым атауын жекеше-көпше айту.
Ертеңгілік жаттығу	Картотека № 16	Картотека №17	Картотека №18	Картотека №19	Картотека №20
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка. Жетекші жоспарымен. Дене тәрбиесі. Жетекші жоспарымен.	Дене тәрбиесі. Жетекші жоспарымен.	Дене тәрбиесі. Жетекші жоспарымен.	Қазақ тілі «Көктемгі құстар» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Құсты таныстыр» Балалар құстарды толық сипаттайды: «Бұл – қарлығаш. Қарлығаш ұшады. Ол көктемде жылы жақтан ұшып келеді. Қарлығаш ұя салады».	Ұлттық ойын: «Қыз қуу» «Орамал» Қим ойын: «Ақ қоян» Қим ойын: «Орныңды тап»
	Апта дәйек сөзі: «Өнерлі бала – өрге жүзер» Ойын әрекеті: «Білезікпен танысайық» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға білезікті көрсетіп, оның әшекей бұйым екенін түсіндіреді. Балалар «білезік»,	Ойын әрекеті: «Сырға» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға сырғаны көрсетіп, оның әшекей бұйым екенін түсіндіреді. Балалар «сырға», «әдемі сырға», «құлаққа тағамыз» сөздерін анық айтуға жаттығады.	Ойын әрекеті: «Жүзік» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға жүзікті көрсетіп, оның саусаққа тағылатын әшекей екенін түсіндіреді. Балалар «жүзік», «әдемі жүзік», «саусаққа тағамыз» сөздерін анық	Ойын әрекеті: «Тұмар» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарының бірі – тұмар туралы әңгімелеп береді. Балалар «тұмар», «әдемі тұмар», «мойынға тағамыз» сөздерін анық айтуға	Ойын әрекеті: «Әшекей бұйымдар көрмесі» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Балалар апта бойы үйренген әшекей бұйымдардың атауларын қайталайды. «Білезік», «сырға», «жүзік», «тұмар» сөздерін анық айтуға жаттығады. Педагог балалардың сөйлеу

«әдемі білезік», «қолға тағамыз» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар орындалып, дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Сөздік қор Балалар «алтын білезік», «күміс білезік», «қолға тағатын әшекей» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балаларға сөйлем құрауға көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «білезік қолдың үстінде», «білезік қораптың ішінде» сияқты сөйлемдер құрайды. Байланыстырып сөйлеу Балалар білезік туралы қысқаша әңгіме айтып көреді. Әшекей бұйымдар туралы қысқа өлең	Артикуляциялық жаттығулар орындалып, дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу әрі анық айтуға машықтанады. Сөздік қор Балалар «алтын сырға», «күміс сырға», «құлаққа тағатын әшекей» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балалардың сөйлем құрауына көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «сырға құлақта», «сырға қораптың ішінде», «сырға үстелде жатыр» сияқты сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға	айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Сөздік қор Балалар «алтын жүзік», «күміс жүзік», «әшекей бұйым» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жүзік саусақта», «жүзік үстелде жатыр» сияқты сөйлемдер құрайды. Байланыстырып сөйлеу Балалар жүзік туралы шағын әңгіме айтып көреді. Көркем әдебиет Әшекей бұйымдар туралы қысқа өлең тыңдалады. Қазақ тілі Балалар жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды	жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Сөздік қор Балалар «ұлттық әшекей», «мойынға тағатын бұйым», «тұмар әдемі» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балалардың сөйлем құрауына көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «тұмар мойынның үстінде», «тұмар қораптың ішінде», «тұмар үстелде жатыр» сияқты сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі. Байланыстырып сөйлеу	қарқынын бақылап, сөздерді дұрыс айтуға бағыт береді. Сөздік қор Балалар «ұлттық әшекей», «әдемі бұйым», «әшекей тағамыз» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Балалар өздеріне ұнаған әшекей бұйым туралы айтып береді. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «білезік қолда», «жүзік саусақта», «тұмар мойында» сияқты сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі. Байланыстырып сөйлеу Балалар әшекей бұйымдар туралы шағын әңгіме құрастырады. Педагог балалардың ойын толық жеткізуіне көмектеседі. Көркем әдебиет Апта бойы үйренген
--	--	--	---	---

	Апта дәйек сөзі: «Көктем – табиғаттың жаңару мезгілі» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға күн мен бұлттың суреттерін көрсетіп, көктемгі ауа райы туралы әңгімелеп береді. Балалар «күн», «жылы күн», «ақ бұлт», «күн шықты» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу әрі анық айтуға машықтанады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «күн аспанда», «бұлт аспанда жүр», «күн жоғарыда» сияқты сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға жаттығады.	Ойын әрекеті: «Жаңбыр» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға жаңбыр туралы әңгімелеп береді. Балалар «жаңбыр», «тамшы», «жаңбыр жауды» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Сөздік қор Балалар «жаңбыр жауды», «тамшы түсті», «жер су болды» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «тамшы жерде», «жаңбыр аспаннан жауды» сияқты сөйлемдер құрайды. Байланыстырып сөйлеу Балалар жаңбыр туралы қысқаша әңгіме айтып көреді.	Ойын әрекеті: «Ағаштар бүршік атты» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға көктем мезгілінде ағаштардың бүршік ататынын түсіндіреді. Балалар «ағаш», «жапырақ», «бүршік», «жапырақ шықты» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу әрі анық айтуға машықтанады. Сөздік қор Балалар «жасыл жапырақ», «ағаш өсті», «бүршік шықты» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балалардың сөйлем құрауына көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жапырақ	Ойын әрекеті: «Көктемгі табиғат» Сөйлеуді дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Балалар апта бойы үйренген сөздерді қайталайды. «Көктем», «күн жылы», «жаңбыр», «жапырақ» сөздерін анық айтуға жаттығады. Педагог балалардың сөйлеу қарқынын бақылап, сөздерді дұрыс айтуға бағыт береді. Сөздік қор Балалар «көктем келді», «күн жарқырады», «жаңбыр жауды», «жапырақ шықты» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Балалар өз ойларын қарапайым сөйлемдер арқылы жеткізеді. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «күн аспанда», «жаңбыр жерде», «жапырақ ағашта» сияқты сөйлемдер құрайды.	
--	--	--	--	---	--

		айырмашылығын байқайды. Геометриялық пішіндер Балалар сырғаның дөңгелек пішінін байқап, оның ерекшелігін анықтайды.		назар аударады. Педагог үшбұрыштың ерекшелігін түсіндіреді. Кеңістікте бағдарлау Балалар тұмарды он және сол жағына орналастырып көреді. Кеңістіктегі бағыттарды анықтауға жаттығады.	
2-таңғы ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Сәуір айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған Картотека №16.№17.№18.№19.№20				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.				

	Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, колдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан әшекей қорабын құрастырады. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындаштармен білезік бейнесін салады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып әшекей сактайтын шағын қорап немесе сөре құрастырады. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындаштар немесе бояулар	Құрастыру Балалар әшекей сөресін құрастырады. Сурет салу Балалар жүзік бейнесін қағаз бетіне салады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан жүзік мүсіндейді.	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып әшекей сактайтын шағын қорап немесе сөре құрастырады. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындаштар немесе бояулар арқылы тұмар бейнесін салады. Қағаз	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан әшекей сактайтын шағын дүкен немесе көрме сөресін құрастырады. Сурет салу Балалар өздеріне ұнаған әшекей бұйымның суретін салады. Түрлі түстерді

	Көркем әдебиет Педагог көктем туралы қысқа такпак немесе өлең оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір жолдарын бірге қайталайды. Қазақ тілі Балалар қазақ тіліне тән «ә», «ө», «ү» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. Қысқа санамақ немесе жаңылтпаш айту арқылы тіл жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар күн мен бұлт бейнеленген суреттерді санайды. Бір және бірнеше затты салыстырып, «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді.	Көркем әдебиет Жаңбыр туралы қысқа өлең тыңдалады. Қазақ тілі Балалар жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар жаңбыр тамшыларын санайды. Шама Үлкен және кіші тамшыларды салыстырады. Геометриялық пішіндер Тамшының пішініне назар аударады. Кеністікте бағдарлау Балалар тамшылардың жоғарыдан төменге түсетінін байқайды.	ағашта», «ағаш жерде өседі», «жапырақ бұтақта» сияқты сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі. Байланыстырып сөйлеу Балалар көктемде ағаштарда қандай өзгерістер болатыны туралы шағын әңгіме айтып көреді. Педагог бағыттаушы сұрақтар қойып, балалардың ойын толық жеткізуіне көмектеседі. Көркем әдебиет Педагог көктем туралы қысқа такпак немесе өлең оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір жолдарын бірге қайталайды. Қазақ тілі Балалар «ә», «ө», «ү» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. Қысқа санамақ немесе жаңылтпаш айту арқылы тіл жаттығады. Математика негіздері – сан	Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі. Байланыстырып сөйлеу Балалар көктем мезгілі туралы қысқаша әңгіме айтып береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қойып, олардың сөйлеуін дамытады. Көркем әдебиет Апта бойы үйренген көктем туралы такпак немесе өлеңді балалар бірге қайталайды. Қазақ тілі Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар табиғат элементтерін (күн, бұлт, жапырақ, тамшы) санайды. Олардың санын салыстырып, «тең», «артық», «кем» ұғымдарын бекітеді. Шама	
--	---	--	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Таир мен Ибрахим Кеністікте бағдарлау Жұмыс: «Оң қолыңды көтер», «сол жағына бұрыл» тапсырмаларын орындату.	Имран мен Айкөркем Уақытты бағдарлау Жұмыс: «Күндіз не істейміз? Түнде не істейміз?» сұрақтарына жауап айтқызу.	Ерасыл мен Раяна Кұрастыру Жұмыс: Кірпіштерді көлденең және тік орналастырып үлгі бойынша құрастыру.	Даниял мен хадид Сурет салу Жұмыс: Қарындашты дұрыс ұстап, қарапайым сюжеттік сурет салдыру.	Жансерік пен Байбосын Түстер және реңктер Жұмыс: Негізгі түстер мен реңктерін ажырату (қызғылт, көгілдір)
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Ойын: «Жалау шаны әкел» Шарты: Белгі берілгенде жүгіріп барып жалаушаны алып қайтады.	Ойын: «Өзен үстіндегі көпір» Шарты: Тар жолақпен жүріп өтіп, соңында қос аяқпен секіреді.	Ойын: «Тез бағыт ауыстыр» Шарты: Жүгіріп келе жатып белгі бойынша оңға, солға бұрылады.	Ойын: «Қорға да сақта» Шарты: Бір бала допты қорғайды, басқалары допты алып кетуге тырысады.	Ойын: «Кім көп жинайды?» Шарты: Алаңға шашылған заттарды уақыт ішінде жинап әкеледі.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру: «Шаштараз»	Дид ойын: «Көлеңкесінен тап»	Суретті кітаптар қарау, субояқтар бояу. Еркін ойын.	Ертегіні қуыршақтармен сомдау. «Жыл басына	Қим ойын: «Шаңырақ» «Кім жылдам?»